

Нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервті пайдаланған жағдайда сауда қызметінің субъектілерін іріктеу критерийлерін бекіту туралы

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 шілдедегі № 759 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Мемлекеттік материалдық резерв туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервті пайдаланған жағдайда сауда қызметінің субъектілерін іріктеу критерийлері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2010 жылғы	29 шілдедегі
№ 759	қаулысымен
бекітілген	

Нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервті пайдаланған жағдайда сауда қызметінің субъектілерін іріктеу критерийлері

Ескерту. Критерийлерге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).

Нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервті пайдаланған жағдайда сауда қызметінің субъектілерін іріктеу мынадай критерийлердің негізінде жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке

басты куәландыратын немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәландыратын құжаттармен немесе мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікпен* немесе анықтамамен расталған құқық қабілеттілігі және іс-әрекетке қабілеттілігі.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болады ;

2) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің, сондай-ақ сауда қызметінің субъектісіне қызмет көрсететін банктің алдында, банк (банк филиалы) анықтамасының және салық органының тиісті анықтамасының болуымен расталған берешегінің жоқтығынан көрінетін төлем қабілеттілігі ;

3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес құқық белгілейтін құжаттармен немесе бөлшек сауда желісі объектілерін жалдау шартымен расталған бөлшек сауда желілерінде сатып алынатын тауарды сату мүмкіндігі;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес құқық белгілейтін құжаттармен немесе жалдау шартымен, санитарлық-эпидемиологиялық және өртті бақылау сатысындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттарымен расталған сатып алынатын тауарлардың тиісінше сақталуын қамтамасыз етуге қабілетті қойма үй-жайларының болуы.